



Автор: Ақжанова Ардак Кертаевна
Предмет: Қазақ тілі
Класс: 5-сынып
Раздел: Менің тәуелсіз Қазақстаным
Тема: «Алтын қалам» әдеби сыйлығының жеңімпазы

Цели обучения (ссылка на учебную программу):	T1.Тақырыпты тірек сөздер арқылы болжау. O5. Қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу.
Цели урока:	тақырыпты тірек суреттер арқылы болжап, қосымша ақпарат көздерінен жаңа материалды меңгереді. Көбі: тірек суреттер бойынша сөйлемдер құрастырады, қосымша ақпарат көздерінен қажетті материалды ажыратады. Кейбірі; қосымша ақпаратты пайдаланып, алған білімін еркін жеткізеді
Языковые цели:	Ақын, жазушы, жұлдегер, жеңімпаз, жыр –мүшәйра, жыр-жинақ, мүше, еңбек жолы. Тәуелсіз еліміздің дарынды адамдарының шығармашылығымен танысып, елдің құрметті адамдарын білу.
Ожидаемый результат:	Балалардың патриоттық сезімдерін ояту
Критерии успеха:	Өткен тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді Тірек суреттер бойынша тақырыпты болжайды. Мәтіннің мазмұны бойынша негізгі ақпаратты ажыратады. Мәтін бойынша тапсырмаларды орындайды.
Привитие ценностей:	Тәуелсіз еліміздің дарынды адамдарының шығармашылығымен танысып, елдің құрметті адамдарын білу.
Навыки использования ИКТ:	Тәуелсіз еліміздің астанасы. Сұрақтарға жауап беру.
Межпредметная связь:	
Предыдущие знания:	

Ход урока

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Начало урока	<p>Психологиялық ахуал. «Сәлемдесу» ойыны: Қазір біз сендермен ойын ойнаймыз, қимылды тез жасауларың керек. «Бастаймыз» деген белгі берілгенде, мен қалай амандасу керек екенін айтамын, сонда сендер бір - бірлеріңмен тез - тез амандасасыңдар. Әр адаммен әртүрлі амандасасыңдар. Сонымен, көзбен... қолмен... иықпен... құлақпен... тіземен... иекпен... өкшемен... арқамен.</p> <p>Үй жұмысын тексеру. Диалог құру 35 б. 6-тапсырма</p> <p>Өткен тақырыптарды еске түсіру үшін тапсырма.</p> <p>A10. Тәуелсіздік сөзінің аудармасы? B10. Елорда сөзінің аудармасы? C10. бейнеленген сөзінің аудармасы? A20. Мемлекетіміздің ұлттық валютасы? B20. Мемлекеттік рәміздер? C20. Қазақстанның астанасы? A30. Нешінші жылы Қазақстан тәуелсіздігін жариялады? B30. Нешінші жылы ҚР астанасы Ақмола қаласына көшті? C30. Нешінші жылдан бастап Астана күнін тойлайды? «Галереяны шарлау» әдісі арқылы сабақтың тақырыбын болжау.</p> <p>Сыныптың әр бөлігіне суреттерді іліп қою, оқушылар сыныпта жүріп , әр суретті қарап, сабақтың тақырыбын өздері тауып алады. Сабақтың тақырыбын, оқушыға бағытталған мақсатымен таныстырамын.</p>	

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Середина урока	<p>Жаңа сөздермен таныстыру.</p> <p>Мәтінмен жұмыс.</p> <p>Мәтінді қысқартып, оқушыларға түсінікті сөздермен жазып, алдарына таратып беремін. Қалқаман Сарин 1978 жылы Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында дүниеге келген. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде оқыды. Қазақ ұлттық музыка академиясында жұмыс істейді. Қ.Сарин – халықаралық, республикалық ақындар сайыстарында қатысып, жеңімпаз атанады. «Шабыт», «Алтын қалам», «Дарын» фестивалінің лауреаты. Жазушылар одағының мүшесі. «Қызыма», «Күзгі бақ», «жібек сезім» өлеңдерін жазған.</p> <p>Көп өлең жазған дарынды адам.</p> <p>1-тапсырма. Мәтіндегі негізгі 4 тірек сөздерді жазып алу.</p> <p>Сергіту сәті. «Мен қазақпын» өлеңі бойынша қимылдарды көрсету</p> <p>2-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, ақпараттың дұрыстығын тексер. Түсіндір.</p> <p>Қалқаман Сариннің өлеңінің видеосын көру. Сұрақтарға жауап беру.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ақын не туралы өлең оқып жатыр? • «Еркіндігім, қасиеттім, қастерлім» сөздері өлеңнің қандай шумағында кездеседі? • Қазақстанның тағы қандай ақын жазушыларын білесіңдер? • Олардың шығармаларын оқисыңдар ма? 	
Конец урока	<p>«Ыстық орындық» әдісін пайдаланамын.</p> <p>Мақсатым: оқушылар сұрақ қойып, сұраққа жауап беру кезінде сабақта алған білімдерін бекіту, қорытындылау.</p> <p>Үй жұмысы: Қалқаман Сарин туралы қосымша мәлімет табу.</p>	
Рефлексия	Рефлексия- кері байланыс. Бағдаршам әдісі бойынша бағалау	